Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 30 qazan 2025 jyl №43 (11 188)



Мереке шуағы

## ЖАҢА ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Республика күні 25 қазан

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған “Жайлы мектеп” ұлттық жобасымен ауданымызда жаңадан екі мектептің құрылысы басталған болатын. Соның бірі - Сәкен Сейфуллин атындағы кентінде.**

**Республика күні қарсаңында көпшілік көптен күткен білім ордасы есігін айқара ашты. Кент тұрғындары үшін бұл айтулы мереке болды десек артық айтқанымыз емес.**

300 орынға арналған білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Кең әрі жарық кабинеттер заманауи, эргономикалық жиһазбен жабдықталған. Сондай-ақ, асхана, кітапхана, акт және спорт залдары, STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника мен графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмелерге арналған арнайы бөлмелері бар.

Мектепке жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған 22 интерактивті тақта орнатылған.

Білім ордасы қауіпсіздік тұрғысынан да заманауи талаптарға сай. Мұнда полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері қойылған. Олар бейнекамералармен жабдықталған, бұл төтенше жағдайда ахуалды жедел анықтап, тез әрекет етуге мүмкіндік береді.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев алдымен барша жиналғандарды Республика күнімен және жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, мектеп оқушыларына бұл мектеп сіздердің армандарыңыздың бастауына айналып, білімге құштар, отанын сүйетін ұрпақ болып өсіңіздер. Біз ұстаздар мен ата-аналардың еңбегін жоғары бағалаймыз. Бұл білім ордасы өскелең ұрпақтың нағыз білім мен тәрбие ошағына айналсын, - деді облыс әкімі.



Оқушылар жаңа мектеппен танысып, қуана аралауда. Ұстаздар да мектеп кабинеттері мен жабдықтармен танысып жатыр.

Мектептің ерекшелігі - бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктардың болуы.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін де барлық жағдай қарастырылған: бірінші және екінші қабатты байланыстыратын лифт орнатылған.

Мектеп аумағы да абаттандырылған: футбол, волейбол, баскетбол және хоккей алаңдары, сондай-ақ, воркаут аймағы бар.

**Өз тілшімізден.**





## МӘҢГІЛІК ЖЕЛБІРЕ, КӨК ТУЫМ!

**25-қазан Республика күні мерекесі еліміз үшін тарихи сананы жаңғыртып, ел келешегіне сеніммен қарауға ықпал ететін маңызды күн.**

**Осы мереке күні әркімнің бойында патриоттық сезімді арттырып, барша азаматтарға ерекше рух сыйлады десек, артық айтқанымыз емес. Он жылдан аса уақыттан кейін халықпен қайта қауышқан мерекенің жоғары деңгейде аталып өтуі біз үшін үлкен мерей.**



25-қазан күні «Мәңгілік желбіре, көк туым!» атты жаппай әнұран орындау шарасы болып өтті. Салтанатты шарада Мемлекеттік ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны орындалды. Жиналған көпшілік алдында аудан әкімі М.Мұхтаров сөз сөйлеп, жиналған баршаға құттықтау, тілегін арнады.

Шара соңында аудандық мәдени-сауық орталығының әншілері әуелете ән шырқады.

Егеменді еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін!

Аспанымыз ашық, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, баянды болсын!

**Өз тілшімізден.**

Ұлттық жоба

## ЖАҢА ЕМХАНА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

**Халықтың денсаулығы, өмір сапасы еліміздің қарқынды дамуына, экономикасына әсіресе, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына сөзсіз ықпал етеді. Сондықтан мемлекет медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін барынша арттырып келеді. Соның бір айғағы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы.**

Республика күніне орай Кеншоқы ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салтанатты түрде ашылды. Салтанатты шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тікелей эфир арқылы қосылып, нысанның ашылуына ресми түрде рұқсатын берді. Іс-шараға Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Кәрсембаев арнайы қатысып, ауыл тұрғындарын Республика күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Сонымен қатар, ауылдың қадірменді ақсақалдары сөз сөйлеп, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Лента қию рәсімі жасалып, қазақы дәстүрмен ақ жаулықты аналар шашу шашты.

Жаңа ФАП-тың ашылуы - ауыл халқының денсаулығын жақсартуға, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

**Өз тілшімізден.**



БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Shet shuǵylasy

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗДАР!

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ 1 ЖЫЛҒА 6671.52 ТЕҢГЕ 6 АЙҒА 3335.76 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65049

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Мереке шуағы

# РЕСПУБЛИКА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

**Республика күні - халқымыздың тарихындағы ерекше белестің бірі. Өйткені дәл осы күні, яғни 1990 жылдың 25 қазан күні қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы мен азаттығының бастауы болған. Бұл күні мемлекетіміздің егемендігі туралы Декларация қабылданды. Ол құжат - біздің еліміздің тәуелсіздікке деген алғашқы нақты қадамы еді. Ол күн - ел болашағының, ұлт рухының қайта жаңғыру күні болды.**

Еліміздің басты мерекесіне орай Ақадыр




кентінің әкімдігі мен Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен




салтанатты жиналыс және «Көк туым менің» атты мерекелік кеш өтті. Кештің салтанатты ашылуында жиналған қауымды кент әкімі аппаратының бас маманы Г.Тасырбаева құттықтады. Сонымен бірге кенттің мекемелері ұсынған бір топ адамдар кент әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Кент тұрғыны, көпбалалы ана Жүнісова Эльмира Алтайқызына алты бала тәрбиелеп өсіргені үшін «Күміс алқа» белгісі салтанатты түрде табысталды.

Мерекелік концерттің шымылдығын ауданымызға белгілі «Бақыт мекені» ансамблі «Бір ел болса» әнімен ашты. Кеш барысында аталмыш ансамбль көрермендерге тағы да бірнеше әндерін орындап шықты. «Күрең күз», «Қара көз қалқа» атты әндерді Өспен ауылынан келген қонақтарымыз Ағыбай Шырқа мен Мирас Ноян дуэтпен және жеке орындауда нақышына келтіре шырқап берді. Мың бұралған «Асылым» тобының қыздары «Қазақ биін» орындады. Ал енді дәстүрлі әнші Дастан Мұттасар С.Сейфулиннің «Тау ішінде» әнін әуелете шырқады. Айзада Рыспекованың «Алтынай», Дана Данабекованың «Қазағым сөнбесін», Алмаз Қайраттың «Алыста» әндері көрермендердің көңілінен шығып жатты. «Айналайын» хор ұжымы «Тәуелсіз ел ұраны» әнін орындаса, кенттегі Өнер мектебінің жеті жігіттен тұратын жаңадан ашылған «Үкілі домбыра» ансамблі «Ерке сылқым» күйін ұсынды. М.Мәметова атындағы жалпы орта білім беру мектебі оқушыларының орындауында «Көк туым көтерілді, бағым жанып» композициясы да ойдағыдай шықты.

Мерекелік бағдарламаның соңы «Замандастар» ансамблінің сүйемелдеуімен Алшағыр Жақаевтың орындауында Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқталды.

Кешті мәдени-сауық орталығының қызметкерлері Айзада Қуанышбаева мен Аслан Сапарбек аса шеберлікпен жүргізе білді.

**Қ.БЕКҚОЖИН,**
**Ақадыр кенті.**

Жақсылықта жарысайық!

# «ЕЛ ҮЛЕСІ - ПӘТЕРГЕ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА БАСПАНА КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

**Жуырда Ақсу-Аюлы ауылында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі - пәтерге» атты акциясы аясында екі пәтердің кілті табысталды.**

**Қайырымдылық шарасына ҚМДБ Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы Естай Айтуғанұлы Әбдіғали, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы “Зекет және қайырымдылық” қорының Қарағанды облысы бойынша басшысы Түсіпбеков Асылхан Рақымжанұлы, “Жанқұтты би” мешітінің бас имамы Берік Алпысбайұлы, меценат, “Қарекет” шаруа қожалығының жетекшісі Қуаныш Хантурин және ауыл ақсақалдары қатысты.**

Алдымен мешітке қызметтік пәтер ретінде берілген тұрғын үй алдында ҚМДБ Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы Естай Айтуғанұлы сөз




сөйлеп, Қазақстан бойынша дін қызметкерлеріне және тұрғын үйге мұқтаж жандарға бүгінгі күнге дейін 865 баспана беріліп отырғандығын, сонымен қатар, Қарағанды облысы бойынша 36 имамға арналған үлкен құрылыс жұмыстарының басталғанын және бұдан бөлек жергілікті жерлерде мешіт қызметкерлеріне тұрғын үй берілгендігін айтты. Бүгінде осы игі шараның Шет ауданында жалғасып отырғанын айта келе, осы іске атсалысқан барша азаматтарға, кәсіпкерлерге және осы қайырымдылық істердің басы-қасында болып, ұйымдастырып жүрген Берік Алпысбайұлы мен Қуаныш Хамитұлына шынайы алғысын білдіріп, бас имам Берік Алпысбайұлына қызметтік пәтердің кілтін табыс етті. Айта кетейік, бұған дейін пәтердің болмауы себепті қызметке келген наиб имам, діни сабақ беретін ұстаздар болсын аудан орталығында тұрақтай алмаған. Шешімін таппай отырған бұл мәселені мешіттің бас имамы Берік Алпысбайұлы мен Қуаныш Хамитұлы мешіт жамағаттары мен кәсіпкер азаматтардың басын қосып, көтерген болатын.



Көпшіліктің қолдауыменен бұл мәселе де шешімін тапты.

Лента қиу рәсімі жасалған соң, барша жиналғандар пәтер ішін аралап көріп, құтты болсын айтты. Бұл қызметтік пәтер алдағы уақытта мешіт қыз-




меткеріне баспана ретінде беріледі.

Мұнан соң, Естай Айтуғанұлы тағы бір пәтердің кілтін Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, көп балалы, жалғызбасты ана Серікқызы Әйгерімге табыс етіп, құтты болсын айтты.

Дастархан басында құран оқылып, ақсақалдар ақ батасын берді. Қуанышқа бөленген көпбалалы ана Әйгерім мен Рысай апай шынайы ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жаудырды.

Айта кетейік, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» атты акциясы бүкіл Қазақстан бойынша өтуде. Мақсаты көп балалы отбасылар мен тұрғын үйге мұқтаж жандарға қолдау білдіру. Бұл акция мешітке келуші жамағаттар мен қайырымды жандардың үлес қосуымен жүзеге асуда. Бүгінгі күнге еліміз бойынша осымен 865 пәтердің кілті табыс етілді.

Игі іс жалғасын таба берсін деген тілектеміз!

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**
**Суреттерде: 864 және 865-ші пәтерлердің кілтін табыс ету сәтінен.**

Аудандық Қоғамдық кеңесте

# ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**29 қазан күні аудандық мәслихаттың мәжіліс залында Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібінде "Аудандық құрылыс бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмыстары мен алдағы жылға жоспарлары" және "Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік шаралары және малдарды бірдейлендіру жұмыстарының барысы" туралы мәселелер қаралып, талқыланды.**

Ауданда жүзеге асырылып жатқан негізгі жобалар мен нысандардың барысын баяндаған аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Н.Серік ағымдағы жылы аудан бойынша бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалардың қолға алынғандығын айтты. Ақсу-Аюлыда құрылысы басталған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жалпы құны - 2,5 млрд теңге, 2026 жылы пайдалануға берілетінін, сондай-ақ, ұзындығы 34 шақырым болатын орталық кәріз жүйесінің құрылысы жалғасып жатқандығын, сонымен қатар, Еңбекшіл, Көктіңкөлі, Әлихан және Красная Поляна ауылдарында ауыз су құбырын тарту және қайта жаңарту жұмыстары атқарылып жатқандығын және осы жұмыстар облыстық және республикалық бюджет есебінен қаржыландырылып, жұмыстардың сапасы мен мерзімі тұрақты бақылауда екенін атап өтті.



Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Ж.Түсіпов баяндама жасап, аудандағы эпизоотиялық жағдайдың тұрақты екенін атап өтіп, ағымдағы жылы аса қауіпті аурулардың алдын алу мақсатында ірі қара, ұсақ мал және жылқыларға жоспарлы вакцинация мен диагностикалық зерттеулер толық көлемде жүргізілгенін, малдарды бірдейлендіру (таңбалау, сырғалау) жұмыстары жалғасып жатқанын, сондай-ақ, мал қорымдарының санитарлық жағдайы тұрақты бақылауда екенін және қараусыз жүрген үй жануарларын реттеу және мал бағымын ұйымдастыру бағытында нақты шаралар қабылданып жатқанын баяндады.

Қоғамдық кеңестің мүшелері Е.Жәнібеков, Б.Боқайтегі, О.Сейілбеков, М.Ибрайкин, А.Әбсаматқызы құрылыс нысандарының сапасына бақылауды күшейту, ауыл тұрғындарына ветеринариялық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және мал бағымын ұйымдастыру мәселелерін жүйелеу қажеттігін айтып, өз ой пікірлерін білдірді.

Отырысты қорытындылаған Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Жәнібеков, алдағы өтетін отырыстың күн тәртібі мен қарауына ұсынылатын мәселелерге де тоқталып өтті.

Қоғамдық кеңес аталған күн тәртібі бойынша қаулы қабылдап, кезекті отырысын аяқтады.

**Өз тілшімізден.**

Сайлау-2025

# ТӨМЕНГІ ҚАЙРАҚТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ШАХМИН ТАҒАТ БАЯНДЫҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті сайлаушылар!**

Төменгі Қайрақты ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда менің жұмысымның негізгі бағыттары келесі іс-шараларды жүзеге асырумен анықталады:

– «Жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша жұмыссыз азаматтардың несие алуына және кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасау;

– Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру, жасыл аймақ аумағын көбейту жұмыстарын жүргізу;

– Елді мекендердің санитариялық тазалығын қамтамасыз етуге, өзен жағалауының тазалығын қалыпты ұстауға жұмыстар жасау;

– Малдың бағылуын қамтамасыз ету;

– Кәсіпкерлік саласын дамыту, кәсіпкерлік саласында қызмет жасайтын тұрғындардың үлес салмағын арттыруға жұмыстар жүргізу;

– Қоғамдық тәртіптің сақталуын



қамтамасыз етуге жұмыстар жүргізу;

– Халықтың тарапынан түсетін ұсыныс-пікірлер, талап-тілектер мен шағымдар дер кезінде қаралып, тиісті шешімдер алынатын болады;

**Құрметті сайлаушылар!**

Төменгі Қайрақты ауылдық округі әкімі лауазымында халықтың жағдайын жоғары деңгейге көтеруде өзімнің бар жауапкершілігіммен қызмет етіп, сайлауалды бағдарламамды, ондағы көрсетілген міндеттерді орындау үшін барлық күшімді салামын деп уәде беремін.

**Маған дауыс беріңіздер!**

**Құрметпен,**

**Тағат Баяндыұлы ШАХМИН,**
**Төменгі Қайрақты ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер**

**Төлем Шет аудандық сайлау комиссиясы тарапынан облыстық бюджет есебінен жүргізілді.**

Сайлау-2025

# ТӨМЕНГІ ҚАЙРАҚТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР МУКАШЕВА АЙДАНА ИСАЙНКЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті ауыл тұрғындары!**

Төменгі Қайрақты ауылдық округінің әкімі лауазымына өтсем, осы кезге дейінгі алған білімімді және өмірден жинақтаған тәжірибемді ауыл тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін бұдан әрі жақсарту үшін және шаруашылық құрылымдарының экономикалық нығаюына жұмсаймын. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық және көкейкесті мәселелерін шешу үшін төменде келтірілген мәселелерді шешуге тура келеді. Атап айтсам:

· Азаматтардан келіп түсетін барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыру үшін, ақсақалдар алқасы және халық арасынан шыққан белсенді топ мүшелерімен бірігіп жұмыс жасауды қолға алам;

· Халықпен жақын болып, мұқтаждарын біліп, өмір сүру деңгейін қадағалап отыру үшін кездесулер өткізу, мекен жайын аралауды өзіме міндет етемін. Соғыс және еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға үкіметтен тиесілі көрсетілетін қолдауды уақытында пайдалануын қадағалаймын;

· Ауылды абаттандыру мәселесін басты назарда ұстап, көшелерді көгалдандыру, көріктендіру, жарықтандыру бағытында жұмыстар жүргіземін;

· Салауатты өмір салтын тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында мәдениет және спорт саласына көңіл бөліп, түрлі мәдени шаралар ұйымдастыру жұмыстарын жүр



гізуге ат салысып ауданның мәдениет бөлімімен араласып жұмыс жасаймын;

· Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, қабілетті жастарға қолдау көрсетіп, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына қол жеткізе отырып, мәдени шараларды ұлттық салт-дәстүрге сай өтілуін жүйелі жоспарға енгіземін;

· Кәсіпкерлер қоғамының және еліміздің экономикасының бастамашыл тобы болғандықтан кәсіпкерлікті қолдап, ауыл жастарының жаңа жұмыс орындарын ашуына яғни кәсіпкерлікпен айналысуына ықпал етемін;

· Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында, өнімдерін өткізуге түрлі шаралар жасап қолдау көрсетемін;

· Қоғамдық жерлерде заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін жергілікті полиция бөлімімен біріккен іс-шараларды жүргіземін және қолдау көрсетемін;

· Қоқыс полигонын талапқа сай келтіремін.

· Әр тұрғын үйдің сыртқы келбетін, қоршауын, маңайын ретке келтіремін.

· Көше жолдарының ағымдағы жөндеулерін жүргізу және асфальтталмай қалған көшелерді орташа жөндеуден өткізу.

**Құрметті сайлаушылар!**

Сіздердің сенімдеріңізге кіріп, округ әкімі қызметіне қол жеткізсем, Төменгі Қайрақты ауылдық округін көркейту үшін, алға қойған өзекті мәселелердің оң шешімін табуына бар күш жігерімді жұмсаймын деп сендіремін.

**Құрметпен,**
**Айдана Исайнкызы МУКАШЕВА,**
**Төменгі Қайрақты ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер.**

**Төлем Шет аудандық сайлау комиссиясы тарапынан облыстық бюджет есебінен жүргізілді.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ - 70 ЖАСТА

**Шежежрелі Шет өңірінде ілкімді ісі мен ұтымды шешімдері арқылы таныла білген, елдік шаруаларды қара нардай көтерген, қайраткер азаматтар түлеп шыққан текті азаматтар бар. Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық саласының өсіп-өркендеуіне, елдік істердің қанат жайуына, тұғырлы жобалардың өміршең болуына күш-жігерін аямай қызмет еткен азаматтардың бірі Қайыржан Кәрімұлы Тілеубергенов ағамыз. Жалпы Шет өңірін текті тұлғалар түлеп ұшқан тұғырлы өлке деп жатады. Қазақ қашанда тектілікті жоғары бағалап, қанға сіңген қасиет деп санап келген.**

Бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған ауданымызға белгілі азамат, 70 жасқа тың жігер, жарқын көңілмен жетіп отырған Қайыржан ағамыз туралы айтпас бұрын, сәл кідіріс жасап, өткен өмір өрнектеріне тоқтала кеткенімді жөн деп санаймын.

Қайрекеңнің әкесі Кәрім Тілеубергенұлы ауданымызға белгілі адам, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері. Аудандық соттың хатшысы, аудандық атқару комитетінде бөлім меңгеруші, жауапты хатшы, нұсқаушы, Карл Маркс атындағы колхозда басқарма, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, «Нұраталды» кеңшарында партия комитетінің хатшысы болып жауапты қызметтер атқарған, қарапайым, іс-тәжірибесі мол кісі болған. Анасы Қасымқызы Шәмежан, дәулетті отбасынан шыққан. Қазақ әйелдеріне тән үй шаруасына тиянақты, дастарханы жайулы, қай уақытта болсын келген қонақтарын шаршамай, шалдықпай күтетін қонақжай кісі болған екен. Ал, әкесінің қарындасы Бәтжан апай туралы Қайрекең: - апай әкем қайтыс болғаннан кейін тез есейді. Бауырларына деген көңілі ерекше болатын. “Біреуден сөйте қойшы деп сұрағаннан гөрі өзімнің жүріп кеткенім жеңіл” деп жүріп, қаншама ауруды жеңіп, операцияларға түсіп жүрсе де, “Қайыркен, (мені осылай атайтын) сынық арба алысқа барады” деп қойып жан себілдікпен бауырларының шаруасын өгіздей сүйреді. Әулетіміздегі орны ерекше болатын, алдынан кесе көлденең өтпейтінбіз. Үлкен-кіші бәріміз “Көке” дейтінбіз. Оның түп негізі әжем салған сара жолда, әкем салған қасқа жолда жатқаны айқын. Атқарған шаруаларының бәрін әкемнің тапсырысына сілтейді. Әкем емеурін жасап, бала-шағаның бар ауыртпалығын маған аманат етіп кетті деуші еді. Өмірінің соңына дейін сол аманатқа адал болды, деп еске алады.

Қайрекең 1955 жылы қараша айының 7-і күні Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтаған соң, еңбек жолын «Нұраталды» кеңшарында жөндеу шеберханасында токарь болып бастайды. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін, 1981 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін тарих және қоғамтану оқытушысы мамандығы бойынша бітіреді. Бұдан әрі еңбек жолы 1981 жылы Ақадыр кентіндегі М.Мәметова атындағы орта мектепте мұғалім, сол жылы Шет аудандық комсомол комитетінде бөлім меңгеруші, 1984 жылы Шет аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1990-91 жылдар аралығында Просторный асыл тұқымды мал заводы партия ұйымының хатшысы, кейіннен партия тарап, 1991 жылы аудан орталығына оралғаннан соң, алдымен Шет ауданы әкімшілігінің басшысы болып тағайындалған Қ.Медиевтің көмекшісі қызметін атқарды. 1997 жылы аудандық ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі, 2001-2008 жылдары аудан әкімінің орынбасары, 2008-2011





жылдары Шет ауданы әкімі қызметін атқарып, кейіннен Ақтоғай ауданының әкімі, Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары лауазымды қызметтерін абыройлы атқарып, бүгінде бейнетінің зейнетін көруде.

Қайрекең қырық жылдан астам басшылық қызметтер атқарды. Аз мерзім емес. Оның үстіне бұрынғы комсомол, партия комитетінде, кейіннен аудан әкімдігінде осыншама мерзім сүрінбей еңбек ету - екінің бірінің пешенесіне жазыла бермейтіні анық. Үлкен сынақ, тіпті өмір мектебі десек те артық айтқаным емес. Бұл сонау Кеңес заманындағы кадрлық сатылап өсу саясатының шынайы көрінісі десек болады. Ол кезде кадрлық сатылап өсу мәселесі тегіннен-тегін қозғалған жоқ, себебі сатылап өсу, сапалы кадр болуға үйретеді. Қайрекеңнің еңбек жолына қарасаңыз, осыған анық көз жеткізесіз.

Қайрекең аудан әкімінің орынбасары қызметінде жүрген кезде нағыз қиыншылықтың басталған уақыт еді. Зейнетақы, әлеуметтік төлемдер тұрмақ, мандай тердің өтеуі жалақы төлеудің өзі мұңға айналған кез. Жер-жерлерде халық айлап төленбеген жәрдемақы, еңбекақы төлеуді талап етіп жолдарды жауып, жағдайды одан бетер күрделендіре түскен. Ақадыр, Ақшатау кенттерінде әйелдер топтасып, теміржол мен республикалық маңызы бар жолды жауып тастады. Бұл екі аудан қайта біріктірілген кез болатын. Жоқтықтан ашу-ызаға булыққан әйел азаматшаларды сөзбен тоқтату мүмкін емес. Міне, осындай аса күрделі, қиын кезеңде Қайрекең алдыңғы шепте жүрді. Ашуға бой алдырған ереуілшілерді тоқтату үшін оларға басу айтып, сөзін тыңдата білетін, қиындықта жол таба білетін қайраткер болу керек. Бұндай қайраткерлік Қайрекеңнің бойында бар. Өзінің бар күш-жігерін, қарым-қабілетін жұмсай отырып, керек кезінде уәдесін де беріп, жолды жапқан әйелдерді райларынан қайтарды. Әрине, бұл жерде қаржының жоқтығынан берген уәдесінің орындалуының өзі екі талай екенін Қайрекең жақсы түсінді. Дегенмен қаржы да табылып, берген уәдесі де орындалды.

Бұл жалғыз Ақадыр, Ақшатау емес, сол кезде ауданымыздың әр жерінен осы тектес хабарлар жетіп жататын. Бұл Қайрекеңнің «Өмір тағылымдары» атты кітабында толық баяндалған. Айта кетейік, бұл кітапта Қайрекеңнің асқар тау әкесіне деген перзенттік махаббаты, өзінің өмірі мен қызмет жылдарындағы замандас әріптестерінің еселі еңбектерімен қатар, ел мен жер тағдыры туралы орамды ойлары шебер суреттелген.

Өзім ақпарат саласында еңбек еткендіктен Қайрекеңнің ауданда басшылық еткен жылдарын жақсы білемін. Жұмыс бабымен де алдында талай мәрте болдым.

Кезінде партия, кеңес заманында басшылық қызмет атқарған әкесінен дарыған қасиет болар, Қайрекең екі тілге бірдей, ауданның идеологиялық, қоғамдық-саяси және мәдени саласында тәжірибелі басшы болды. Басқа саланы айтпай-ақ қояйық, бір ғана аудандық газеттің әр нөміріне қатты көңіл бөлетін. Әріп қателері кетіп жатса немесе жазылған мақалалар көңілінен шықпаса, жинап алып, бір сықпыртып алатын, талапшыл болды. Кемшілікті мойындап, айтылған сынды қабылдай да білу керек. Бұл біз үшін үлкен сабақ болды. Қайрекеңнің талапшылдығынан жұмысқа жауапкершілікпен қарап, газеттің сапалы шығуына қатты көңіл бөлдік. Әсіресе, мен үшін тәжірибе жинап, газеттің редакторы деңгейіне дейін көтерілуіме осы Қайрекеңнің талапшылдығы, бағыт-бағдар беруі ықпал етті десем артық айтқаным емес.

Қайрекең 2008 жылы аудан әкімі болып тағайындалды. Ел басқару әрине үлкен жауапкершілікті қажет ететіні белгілі. Бұл уақытта ауданның жағдайы біршама түзелгенімен әлі де әр сала бойынша атқарылар істер көп болатын. Аудан орталығындағы шатыры жоқ там үйлер сырылып, жаңа үйлер салына бастады, жаңа сәулетті балабақша салынды. Ауыз су мәселесі де біршама шешілді, тазалық мәселесіне де көңіл бөлінді. Дегенмен қаражаттың жетіспеуі қолбайлау болып, ауданның барлық елді мекендеріне бірдей көңіл бөлінбегендігін айта кету керек.

Сол жылы ауданымыздың 80 жылдық мерейтойы үлкен деңгейде аталып өтті. Республикалық деңгейде айтыс, Алматы мен Астанадан кейін тұңғыш рет ауданымызда «Күй керуені» байқауы өтті. Оның да себебі бар. Шет ауданы - домбыра шанағынан құйқылжыта күй төккен дәулескер күйшілер Қыздарбек, Әбікен, Әбди, Сембек тағы басқа да күйшілердің отаны, ардақты атамекені. Қайрекең шертпе күйдің шебері, әкем Дәулетбек Сәдуақасұлымен бірге осы байқаудың жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті және басы-қасында өзі жүрді. Ауданымыздың 80 жылдық мерейлі тойына елімізге танымал зиялы қауым өкілдері, ақындар мен күйшілер, әртістер келді. Бұндай үлкен той аудан тарихында бұрын-соңды болмаған. Сол жылы бастау алған «Күй керуені» байқауы республикалық деңгейде ауданымызда бүгінгі күнге дейін дәстүрлі түрде өз жалғасын тауып келеді.

Қаржының тапшылығына қарамастан 2011 жылы Ақадыр кентінің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы қабылданды. Әрине кенттегі теміржолға қарасты вокзал т.б. нысандарды «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы өз мойнына алса, кенттегі негізгі шаруалар аудандық бюджет қаражаты есебінен шешілетін болды. Атқарылатын істердің бәріне аудандық бюджет қаражатын жұмсай беруге болмайтындығын ескерген Қайрекең, елімізге аттары мәлім ірі кәсіпкерлерге байланысқа шығып, заманауи спорт кешені салынды, мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Кентте көп жылдар терезелері үңірейіп, бос қалған көп қабатты тұрғын үйлер қайта қалыпқа келтіріліп, көптеген отбасылар пәтерге ие болды. Сондай-ақ, жаңа саябақ салынып, ойын алаңымен қоса пайдалануға берілді.

Қайрекеңнің бұдан арғы еңбек жолы көршілес Ақтоғайда жалғасты. Аудан әкімі қызметінде жүріп, бұл жерде де біраз істің басын қайырды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары болып абыройлы еңбек етті. Шахтинск өзге ұлт өкілдері басым, түрлі дін өкілдері шоғырланған, шахтерлар қаласы. Бұндай жерде қызмет атқару таза қазақы өңірлерге қарағанда күрделі болатыны анық. Осындайда әлдебір саланың маманына қарата «ол жілігін - шағып, майын ішкен адам ғой» деген тіркесті жиі айтамыз. Қайрекең идеологияның «жілігін шағып, майын ішкен азаматтың» нағыз өзі болды. Шахтерлар қаласында абыройлы қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Қайрекеңнің жұбайы Мая жеңгеміз де текті жердің қызы. Ауданымызға, әрісі республикамызға танымал ұлағатты ұстаз, жасы 103-ке келіп қайтыс болған Шәукей Жұқанов ақсақалдың отбасында туып, өсті. Жеңгеміз мәдениет саласында, аудандық мұражайда жемісті еңбек етті. Баласы Баян Қ.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университетті, Мақсұт Нәрікбаев атындағы Қазақ заң университетін қызыл дипломмен бітірген. Әуелі Алматыда, қазір Астанада ірі шетелдік компанияда қызмет істейді. Жолдасы Тимур да жоғары білімді маман, кәсіпкерлікпен шұғылданады. Екі кішкентайлары бар.

Иә, талай тұғырлы тұлғаларды дүниеге әкеліп, тал бесігінде тербеткен шежірелі өлкеміздің талантты перзенттері мен тағылымды азаматтарының бірі Қайыржан Кәрімұлы бүкіл саналы ғұмырын мемлекеттік қызмет саласына арнап, жемісті еңбек етті.

Ендеше, ағамызды жүйрік уақыттың жел аяңымен жеткен 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық, сексен мен тоқсанның төбесін көріңіз деген ниетімді білдіремін.

Ғибрат пен тағылымға толы ғұмырыңыз кейінгі буын жастарға адамдық пен адалдықтың аласармас ақ туы болып желбіреп, бет түзер темірқазығына айнала берсін, - дегім келеді.

**Мейрам ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
ҚР Ақпарат саласының үздігі.**

Мереке шуағы

Республика күні 25 қазан

# ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ

25 қазан елімізде Республика күні атап өтіледі. Бұл - ел тарихындағы жаңа дәуірдің бастауы, мемлекеттік егемендік пен ұлттық сананың жаңғыруын айшықтайтын күн. Республика күні - ұлттың рухани бірлігін нығайтып, өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін мереке. Ол халыққа еркіндіктің құнын ұқтырып, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті арттырады. Сондықтан да бұл күн кез келген ел үшін еркіндік пен біртұтастықтың мерейлі символы болып қала береді. Бұл күн - ұлттық мереке. Бұл мереке тәуелсіздікті дәріптеп, ныгайтуға септігін тигізеді деп сенеміз. Осының айғағындай Ақжал кентінде Республика күніне және мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығы мерекесіне арналған салтанатты жиын мен "Қыран елім - Қазақстаным!" атты концерт өтті. Концерттік бағдарлама дәстүрлі түрде ұлттық рухты көтеріп, бірлік пен патриотизмді насихаттауға бағытталды.

Концертті кентіміздің "Шұғыла" мәдениет үйі ұйымдастырып, жергілікті өнерпаздар және түрлі байқаулардың жеңімпаздары, жас таланттары өнерлерін көрсетті.



Көңілді, әсем әндер мен ұлттық билер, патриоттық шығармалар орындалып, халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлайды.

Сонымен қатар, іс-шарада "Nova-Цинк" кәсіпорынның қызметкерлері Н.Жахметбеков және Е.Магадиева адал қызметтері үшін "Еңбек ардагері" төсбелгілерімен марапатталды. Аталған іс-шара Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, Республика күнінің мәнін ашатын, жоғары деңгейдегі мерекелік рухты жеткізетін маңызды шара болып табылады деген сенімдеміз.

Ұлы даламызға құт қонып, Қазақстанымыз өркендей берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, береке мен бірлік мәңгі орнай берсін демекпін.

**Маржан АРЫСТАНБЕКОВА,**
**Ақжал кенті әкімі аппаратының бас маманы.**

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ - КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМ

25 қазан - Қазақстан тарихындағы маңызды күндердің бірі. 1990 жылдың 25 - қазанында Қазақстан Республикасының жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Қазақстан - көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты.-Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді. Қазақстан халқы өзінің ұлтына, сеніміне, дүниетанымына білім деңгейіне қарамай, еліміздің гүлденуіне бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси - қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Декларация Қазақстанда тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп белгіледі.

23 қазан күні Өспен ауылының Мәдениет үйінде Республика күніне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның 35 жылдығына орай, «Туған-Ел» атты салтанатты жиын болып өтті.

Әнұранымыз шырқалған соң, сахна төріне шыққан округ әкімі Арман Хайроллаұлы Әбілов Республика күнінің айрықша маңызды екенін атап өтіп, барша жиналған қауымды Ұлық мерекемен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Осыған байланысты бірқатар әр салада жұмыс істеп жүрген жұмысшы азаматтарға округ әкімінің Алғыс хаты мен сыйлықтар табыс етілді.

Мерекелік шараға Ақадыр кентінен келген «Бақыт мекені» ансамблі мен ауыл өнерпаздары жанды дауыстағы дәстүрлі және эстрадалық әндер сыйлап, көпшілік қауымның ризашылығына бөленді. Сонымен қатар



ауылымыздың жұлдызы Ағыбай Шырқаның орындауындағы «Ару Нілді» жаңа әнінің тұсауы кесілді.

Республика күні - біз үшін ең қастерлі, ұлық мереке. Өйткені бұл мемлекеттік мерекенің мәні зор, тарихы тереңде. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, елдігіміз мәңгі болсын демекпін.

**Ұ.ДӘУЛЕТОВ,**
**Өспен ауылдық округі әкімінің бас маманы.**

# ҚАЗАҚСТАН - ТУҒАН ЕЛІМ, ҰЛЫ ӨЛКЕМ

Қазақстан Республикасына деген әрбір азаматтың мақтаныш сезімі мереке кезінде қалай болса да шалқитындай реті бар. Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай - талай асқаралы асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономикалы - демократиялық ел ретінде таниды. Елімізде халықтар достығы жақсы сақталып келеді. Ел бірлігін сақтауда татулықтың үлкен байлық екендігін бүгінде Қазақстан халықтарының барлығы айқын сезінеді. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге қарыздармыз. Жақында Сәкен Сейфуллин атындағы кенттік мәдениет үйінде 25 - қазан Республика күніне арналған "Республика - тәуелсіздігіміздің тұғыры" атты салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға кент әкімі А.Балғабек қатысып, тұрғындарды мемлекеттік мерекемен құттықтап, кентімізде түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген бір топ сала қызметкерлеріне аудан әкімінің және кент әкімінің "Құрмет", «Алғыс» хаттарын табыс етті. Бұдан соң Сәкен Сейфуллин кентінің БЖСМ - нің басшысы Омаров Қайрат Елтайұлы Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер атанған спортшыларды марапаттады.




Мерекелік шара кентіміздің мәдениет үйінің өнерпаздарының және Ақой ауылдық мәдениет үйінің мәдени шара ұйымдастырушысы Айтбаева Ақнұрдың концерттік бағдарламасына ұласса, мәдениет үйінің "Әйкерім" би үйірмесінің бишілері мың бұралған билерін билеп көрермен қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі өркендей берсін.

**Риза ЗӘМІРБЕКҚЫЗЫ,**
**кенттік мәдениет үйінің меңгерушісі.**
**С.Сейфуллин кенті.**

# ҚАЗАҚСТАН - ҒАЖАЙЫБЫМ, ЕРТЕГІМ!

